

Қазақстан Республикасының
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

Инфляцияға шолу
2013 жылғы 3-тоқсан

Мазмұны

Мазмұны	2
Негізгі терминдер және ұғымдар	3
Графиктердің және кестелердің тізбесі.....	5
Резюме	7
2013 жылғы 3-тоқсанның инфляция болжамын бағалау	8
Инфляцияның 2013 жылғы 4-тоқсанға арналған болжамы	8
Инфляцияның 2014 жылға арналған болжамы	9
1. Инфляциялық процестер	10
1.1. Тұтыну бағалары.....	10
1.2. Базалық инфляция	11
1.3. Экономиканың нақты секторындағы бағалар	13
1.3.1. Өнеркәсіп өндірісіндегі бағалар	13
1.3.2. Ауыл шаруашылығындағы бағалар	14
1.3.3. Кәсіпорындар мониторингі	15
2. Инфляция факторлары.....	18
2.1. Жиынтық сұраныс	18
2.1.1. Жеке тұтыну және инвестициялық сұраныс	18
2.1.2. Мемлекеттік тұтыну	20
2.1.3. Сыртқы сектор	22
2.2. Өндіріс	27
2.3. Еңбек нарығы	28
2.3.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық	28
2.3.2. Жалақы және өнімділік.....	30
3. Ақша ұсынысы	32
3.1. Ақша агрегаттары	32
3.1.1. Ақша базасы.....	32
3.1.2. Ақша массасы.....	33
3.1.3. Айналыстағы қолма-қол ақша.....	34
3.2. Қаржы нарығы	35
3.2.1. Резиденттердің депозиттері	35
3.2.2. Экономикаға кредиттер	38
3.2.3. Банктердің активтері және міндеттемелері	40
3.2.4. Қаржы нарығындағы мөлшерлемелер.....	43
4. Ақша-кредит саясатының құралдары және операциялары.....	46
4.1. Ішкі валюта нарығындағы интервенциялар	48
4.2. Ең төменгі резервтік талаптар	49
4.3. Ашық нарық операциялары.....	50
4.4. Тұрақты механизмдер.....	51

Негізгі терминдер және ұғымдар

1-бөлім бойынша. Инфляциялық процестер

Инфляция Қазақстан Республикасында Астана және Алматы қалаларында, барлық облыс орталықтарында және қалалар мен аудан орталықтарының таңдаулы топтары бойынша халықтың жеке тұтынуы үшін сатып алынатын тауарлардың және қызмет көрсетулердің бағаларының жалпы деңгейінің өзгеруін сипаттайтын тұтыну бағалары индексі (ТБИ) негізінде есептеледі. Инфляцияны есептеуге арналған тұтыну қоржыны үй шаруашылығы шығыстарының құрылымын көрсетеді және халық тұтынуында неғұрлым үлестік салмаққа ие болып отырған 508 тауар мен қызмет көрсетуді қамтиды.

Базалық инфляция – жекелеген әкімшілік, жағдайға байланысты және маусымдылық сипаттағы факторлардың ықпалынан бағаның қысқа мерзімді біркелкі емес өзгеруін болдырмайтын инфляция.

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі 2004 жылдан бастап мынадай 5 әртүрлі әдістеме бойынша базалық инфляцияны есептеуді жүзеге асырады:

- 1-ші базалық инфляция: көкөніс, жеміс-жидек, бензин және көмір бағасының өсуін есепке алмағандағы инфляция;
- 2-ші базалық инфляция: көкөніс, жеміс-жидек, реттелетін қызмет көрсету және энергия ресурстары бағасының өсуін есепке алмағандағы инфляция;
- 3-ші базалық инфляция: 5 ең жоғары және 5 ең төмен баға өсімдерін есепке алмағандағы инфляция;
- 4-ші базалық инфляция: trimmed mean – ТБИ есептеу кезінде жиынтық салмағы кемінде 8% және 92%-дан асатын құрамдас бөліктер алынып тасталынады, яғни бағасы анағұрлым өзгерген (өскен немесе төмендеген) тауарлар мен қызметтер ескерілмейді;
- 5-ші базалық инфляция: median CPI – ТБИ есептеу кезінде бағалардың өзгеруі бойынша ранжирленген қатардың ортасында болатынды қоспағанда, бағалардың барлық өзгеруі есепке алынбайды, яғни статистикалық медиана. Median CPI жиынтық салмағы 50%-ға тең немесе асатын бірінші құрамдас бөлік бағасының өзгеруіне тең болады.

2002 жылдан бастап Ұлттық Банк жүргізетін **Кәсіпорындар мониторингі** шеңберінде нақты сектор кәсіпорындарының инфляциялық күтулерін зерттеу жүзеге асырылуда. Бұл зерттеу пікіртерім жүргізілген кәсіпорындар басшыларының кәсіпорындардың өндірістік қызметіне қатысты бағаларымен, оның ішінде өткен және алдағы тоқсандағы дайын өнімге және өндірісте пайдаланылатын шикізат пен материалдарға сұраныс және бағаға қатысты сапалық бағаларымен («көтеріледі», «төмендейді», «өзгеріссіз қалады») сипатталады.

Диффузиялық индекс кәсіпорындардың «көтеріледі» деген жауаптары үлесінің және кәсіпорындардың «өзгеріссіз» деген жауаптары жартысының үлесі сомасы ретінде шығарылады. Бұл индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеріс динамикасын сипаттайтын жинақталған индикатор болып табылады. Бұл ретте индекстің 50-ден жоғары мәні көрсеткіштің оң өзгерісін, 50-ден төмен мәні теріс өзгерісін білдіреді.

2-бөлім бойынша. Инфляция факторлары

Бюджетке **түсімдерге** кірістер (салық түсімдері, салыққа жатпайтын түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер), бюджеттік кредиттерді өтеу, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсімдер кіреді.

Бюджеттің шығыстары шығындар (ағымдағы және күрделі), бюджеттік кредиттер, қаржылық активтерді сатып алу болып табылады.

3-бөлім бойынша. Ақша ұсынысы

Ақша базасына (резервтік ақша) Ұлттық Банктің кассаларындағы қолма-қол ақшаны қоспағанда, Ұлттық Банк айналысқа шығарған қолма-қол ақша (Ұлттық Банктен тыс қолма-қол ақша), банктердің аударылатын және басқа депозиттері, аударылатын банктік емес қаржылық ұйымдардың депозиттері мен мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың Ұлттық Банктегі теңгедегі ағымдағы шоттары кіреді.

Тар ақша базасы банктердің Ұлттық Банктегі басқа депозиттерін есепке алмағандағы ақша базасын білдіреді.

M1 ақша агрегаты айналыстағы қолма-қол ақша сомасы және банктік емес заңды тұлғалардың және халықтың теңгедегі аударылатын депозиттері сомасы ретінде есептеледі.

M2 ақша агрегаты M1 ақша агрегатына плюс теңгедегі басқа депозиттер және банктік емес заңды тұлғалардың және халықтың шетел валютасындағы аударылатын депозиттеріне тең.

Ақша массасы (M3) Ұлттық Банктің және банктердің баланстары шоттарын шоғырландыру негізінде айқындалады. Ол айналыстағы қолма-қол ақшадан және заңды тұлға - резиденттер мен үй шаруашылығы - резиденттердің ұлттық және шетел валютасындағы аударылатын және басқа депозиттерінен тұрады.

Аударылатын депозиттер – барлық депозиттер, бұлар: 1) кез келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айналдыруға болатын; 2) чектің, траттаның немесе жиро-тапсырмалардың көмегімен еркін аударылатын; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен пайдаланылатын депозиттер. Аударылатын депозиттер тар ақша массасының бір бөлігі болып табылады.

Басқа депозиттерге, негізінен, белгілі бір уақыт кезеңі өткеннен кейін алуға болатын немесе әдеттегі коммерциялық операцияларға пайдалану үшін қолайлылығын азайтатын әр түрлі шектеулері бар және негізінен жинақ ақшасы тетіктеріне қойылатын талаптарға жауап беретін жинақ және мерзімдік депозиттер жатқызылады. Сонымен қатар, басқа депозиттерге сондай-ақ шетел валютасымен көрсетілген, аударылмайтын салымдар мен депозиттер кіреді.

KazPrime индикаторы Қазақстанның банкаралық депозиттерінің KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы келісімге қатысушы банктерде банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасын білдіреді. Әрбір баға белгілеуге Келісімге қатысушылардың бірінің депозитіне ақша тарту және орналастыру ставкасы, сондай-ақ ақша орналастыру және тарту көлемі қосылады. Баға белгілеудің ең төменгі көлемі – 150 млн. теңге. Баға белгілеулер арасындағы ең жоғары спрэд – 100 базистік тармақ (жылдық 1,00%). Жобаны іске қосу сәтінде банкаралық депозиттің жүйеленген мерзімі үш ай болады.

4-бөлім бойынша. Ақша-кредит саясатының құралдары және операциялары

Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы (ҚҚБ) валюталық саудасаттықтарға **қатысу коэффициенті** Ұлттық Банктің ҚҚБ-дағы сауда-саттықтың нетто-көлеміне нетто-қатысуының арақатынасы (шетел валютасын сатып алу минус сату) ретінде есептеледі.

Ақша нарығындағы Ұлттық Банк операцияларының сальдосы айналыстағы қысқа мерзімді ноталар, банктердің Ұлттық Банктегі депозиттік және корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар көлемінің өзгеруі және мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу және сату бойынша нетто-операциялар сомасы ретінде есептеледі.

Графиктердің және кестелердің тізбесі

Графиктер

- 1-график. 2013 жылғы инфляция фактісі және болжамы
- 2-график. Тоқсандық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы
- 3-график. Жылдық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы
- 4-график. Тоқсандық инфляцияның және базалық инфляцияның динамикасы
- 5-график. Жылдық инфляцияның және базалық инфляцияның динамикасы
- 6-график. Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары индексінің динамикасы
- 7-график. Ауыл шаруашылығы өнімі бағалары индексінің динамикасы
- 8-график. Сұраныс пен бағалар өзгерісінің диффузиялық индекстері
- 9-график. Жиынтық сұраныстың құрамдас бөліктерінің ЖІӨ өсуіндегі үлесі
- 10-график. Халықтың шығыстары мен кірістерінің динамикасы
- 11-график. Негізгі капиталға инвестицияларға жұмсалатын шығыстардың динамикасы
- 12-график. Мемлекеттік бюджеттің орындалуы
- 13-график. Мемлекеттік бюджеттің орындалуы (жылдық мәліметтер)
- 14-график. Металдың әлемдік бағасының динамикасы
- 15-график. Мұнайдың (Брент), бидайдың (АҚШ) әлемдік бағасының динамикасы
- 16-график. Ағымдағы операциялар шотының балансы
- 17-график. Теңгенің нақты айырбас бағамдарының индекстері
- 18-график. Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналдық айырбастау бағамының динамикасы
- 19-график. Теңгенің еуроға және ресей рубліне шаққандағы ресми бағамының динамикасы
- 20-график. Нақты ЖІӨ-нің өсуіне экономиканың негізгі салаларының үлесі
- 21-график. Экономикалық белсенді халықтың құрылымы
- 22-график. Нақты жұмыссыздық деңгейі
- 23-график. Еңбек өнімділігінің және нақты жалақының динамикасы
- 24-график. Ақша агрегаттарының динамикасы
- 25-график. Ақша мультипликаторының және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы
- 26-график. Депозиттердің және сыйақы ставкаларының динамикасы
- 27-график. Заңды тұлғалар депозиттерінің өзгеру динамикасы
- 28-график. Жеке тұлғалар депозиттерінің өзгеру динамикасы
- 29-график. Экономикаға кредиттер және олар бойынша сыйақы ставкаларының динамикасы
- 30-график. Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің динамикасы
- 31-график. Халыққа берілген кредиттердің динамикасы
- 32-график. Банктер активтерінің динамикасы
- 33-график. Банктер активтерінің құрылымы
- 34-график. Банктер міндеттемелерінің динамикасы
- 35-график. Банктер міндеттемелерінің құрылымы
- 36-график. KazPrime индикаторының динамикасы және ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі
- 37-график. РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелер динамикасы
- 38-график. Ұлттық Банктің ішкі нарықтағы операцияларының сальдосы
- 39-график. Ұлттық Банк мөлшерлемелері дәлізінің шекаралары
- 40-график. Банктердің Ұлттық Банктегі корресподенттік шоттардағы қалдықтары
- 41-график. Ішкі валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі

- 42-график. Ұлттық Банктің Қазақстан Қор Биржасындағы қатысу коэффициенті
- 43-график. Ең төменгі резервтік талаптар нормативінің орындалуы
- 44-график. Қысқа мерзімді ноттарды орналыстыру көлемі және олар бойынша кірістілік
- 45-график. Айналыстағы қысқа мерзімді ноттар
- 46-график. Ұлттық Банк тартқан депозиттер бойынша сыйақы көлемі және мөлшерлемелері
- 47-график. Ұлттық Банктің банктерден тартылған депозиттері бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі
- 48-график. Ұлттық Банктің РЕПО операцияларының көлемі
- 49-график. Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру операциялары бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі

Кестелер

- 1-кесте. Баға индекстерінің және сауда талаптарының өзгеруі
- 2-кесте. Ұлттық Банк активтерінің және пассивтерінің өзгеру динамикасы
- 3-кесте. Ақша массасының өзгеру динамикасы
- 4-кесте. Резиденттер депозиттерінің өзгеру динамикасы

Резюме

2013 жылғы шілде-қыркүйекте 2013 жылғы қыркүйектің аяғында 5,4% құраған жылдық инфляция қарқынының бәсеңдеуі байқалды. Осы кезеңдегі инфляция негізінен азық-түлік тауарларының жекелеген түрлерінің бағалары өсуінің бәсеңдеуі және ақылы қызмет тарифтерінің өсуі аясында маусымдық факторлардың әсер етуімен қалыптасты. Жақын арада инфляциялық үдерістердің айтарлықтай күшеюі күтілмейді және 2013 жылдың аяғында жылдық инфляция белгіленген 6-8% дәліз шегінде қалыптасады.

2013 жылғы 3-тоқсанда инфляция 0,6% деңгейінде қалыптасты (2013 жылғы 2-тоқсанда – 0,8%), бұл инфляцияның 2003 жылғы 4-тоқсаннан бергі ең төменгі тоқсандық көрсеткіші (2003 жылғы 3-тоқсанда – 0,5%). 2013 жылғы 3-тоқсанда жеміс-көкөніс өнімі бағаларының төмендеуі байқалды, бұл жазғы уақыт кезеңіне тән. Сонымен қатар, суық су, кәріз, медициналық қызмет және білім беру қызметін көрсету тарифтерінің көтерілуі тоқсандық инфляцияға айтарлықтай үлес қосты. Қаралып отырған кезең ішінде ақылы қызмет көрсетудің бір айдағы бағалары мен тарифтерінің динамикасы тарифтердің өсуінің кейбір жеделдегенін көрсетіп отыр. Алайда, тарифтер өсуінің жылдық есептеудегі қарқыны бәсеңдеуде.

2013 жылғы 3-тоқсанда инфляцияның қалыптасуы монетарлық факторлардың ең аз әсер етуі аясында болды. Экономикаға ақша ұсынысының негізгі көрсеткіші ақша массасы 2013 жылғы маусым-қыркүйекте 0,2% төмендеп, 11558,3 млрд. теңгені құрады, ақша базасы 2781,8 млрд. теңгеге дейін 10,1% ұлғайды. Жалпы алғанда ақша ұсынысы жылдық есептеумен экономиканың қажеттілігіне сәйкес келеді және оның көлемі экономиканың одан әрі өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің алдын ала ресми деректері бойынша ЖІӨ нақты өсуі 2013 жылғы қаңтар-қыркүйекте 5,7% құрады.

Экономиканың нақты секторы тұрақты қарқынмен дамуда. Өнеркәсіп өндірісі 2013 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2,1%, оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлер өндіру 3,0% өсті. Ауылшаруашылығының өсуі осы кезеңде 5,5%, құрылыс 2,7%, жүк айналымы 2,1% құрады.

Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 2013 жылғы 3-тоқсанда өзгермей, жылдық 5,5% деңгейде болды (2012 жылғы тамыздан бастап).

Банк жүйесінің өтімділігін реттеу мақсатында Ұлттық Банк 2013 жылғы 3-тоқсанда жүргізіліп отырған ақша-кредит саясаты шеңберінде операциялар жүргізуді жалғастырды. Банктердің Ұлттық Банктің эмиссияланатын бағалы қағаздарына сұранысы шектеулі болып қалды. Мәселен, 2013 жылғы шілде-қыркүйекте шығарылған қысқа мерзімді ноттардың көлемі 14,3 млрд. теңгені құрады, бұл 2012 жылғы осындай кезеңге қарағанда 14 есе төмен. Сондай-ақ банктерден тартылған депозиттердің көлемі осы кезеңде 379,7 млрд. теңгеге дейін 58,6% төмендеді. Көрсетілген кезеңде банктерге 1790,7 млрд. теңге жалпы сомаға қайта қаржыландыру қарыздары берілді, бұл 2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 11,0% ұлғайды.

Экономика субъектілерінің банк жүйесіне сенімінің тұрақты артуы байқалып отыр. Банктердегі жалпы депозиттер 2013 жылғы маусыммен салыстырғанда 0,5% (2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 11,1%) ұлғая отырып, 2013 жылғы қыркүйекте 10104,7 трлн. теңгені құрады. Бұл ретте жеке тұлғалардың депозиттері көлемінің өсуі 18,5% құрады.

Экономиканы кредиттеу 2013 жылғы маусыммен салыстырғанда 2013 жылғы қыркүйекте 10935,7 млрд. теңгеге дейін 3,7% өсті. Халыққа берілген кредиттер көлемінің өсуі көрсетілген кезеңде 7,1% құрады.

2013 жылғы 3-тоқсанның инфляция болжамын бағалау

2013 жылғы 3-тоқсанда инфляцияның нақты қалыптасқан деңгейі (0,6%) инфляцияның «Инфляцияға шолудың» өткен шығарылымында жарияланған болжамдық мәндерінен (0,7-0,9%) төмен болып қалыптасты. Шілдеде нақты инфляция болжамнан біршама асты, тамызда және қыркүйекте болжамнан төмен қалыптасты.

Бүкіл кезең ішінде бағаның ай сайынғы өсуі 0,2% құрады. Бұл ретте барынша өсу ақылы қызмет көрсетуге тиесілі болды. Олардың құрылымында тұрғын үй коммуналдық қызметтің, оның ішінде тұрғын үйді ұстап тұру, суық сумен жабдықтау, кәріз бағалары мен тарифтерінің өскендігін атап өту керек. Сонымен қатар медициналық қызметтер, көлік қызметтері, білім беру мен мәдени қызмет көрсету қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың қымбаттауы 2013 жылғы 3-тоқсанда қалыпты болды. Азық-түлік тауарларының арасында жұмыртқа, нан өнімдері бағаларының көтерілгенін атап өту керек. Алайда, жеміс-көкөніс өнімі бағаларының маусымдық төмендеуі, сондай-ақ басқа тауарлар бағаларының өсуінің қалыпты қарқыны жалпы алғанда азық-түлік тауарлары бағаларының 2013 жылғы 3-тоқсанда тұрақты болып қалуына себепші болды.


Инфляцияның жылдық көрсетілген нақты деңгейі 2013 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша жылдық көрсетумен 5,4% болды, бұл «Инфляцияға шолудың» өткен шығарылымында жарияланған болжамдық мәннен төмен.

Инфляцияның 2013 жылғы 4-тоқсанға арналған болжамы

2013 жылғы 4-тоқсанда инфляция 2,6-2,8% шегінде күтіледі (2012 жылғы 4-тоқсанда нақты инфляция 2,0% деңгейінде қалыптасты). Бұл 2013 жылғы желтоқсанның аяғындағы 6,0-6,2% жылдық инфляцияға сәйкес келеді (1-график).

1-график

2013 жылғы инфляция фактісі және болжамы



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Маусымдық факторлар тарапынан әсер етудің күшеюі, сондай-ақ тұтынушылық сұраныстың кеңеюі жылдың соңғы айларында тауарлар мен қызмет көрсетулердің

кейбір түрлерінің қымбаттауына себепші болады. Әдетті, осы кезеңде бағалар бүкіл жыл бойындағы ең жоғары деңгейді көрсетіп отыр.

2013 жылғы 4-тоқсанда жеміс-көкөніс, жұмыртқа, сүт және ет өнімі, киім және аяқ киім, тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің жекелеген түрлері сияқты тауарлар мен қызмет көрсетулердің қымбаттайтыны күтіледі. Сонымен қатар, 2013 жылғы 4-тоқсанда жалпы алғанда республика бойынша жанар-жағармай материалдардың босату бағаларының деңгейі көтеріледі.

Жылыту маусымының басталуына байланысты ыстық сумен қамтамасыз ету, газбен қамтамасыз ету, электр энергиясы сияқты тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің жекелеген түрлерінің бағалары мен тарифтерінің өсуі мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

Инфляцияның 2014 жылға арналған болжамы

2014 жылы Ұлттық Банк елдегі баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдауды жалғастырады. Осы шаралар ақша-кредит саясатының Ұлттық Банктің қолында бар барлық құралдарын пайдалана отырып ақша нарығындағы қысқа мерзімді ақша өтімділігін реттеуді болжайды. 2014 жылы ақша-кредит саясатының жаңа трансмиссиялық механизмін ендіру жалғастырылады, бұл ақша нарығындағы қысқа мерзімді ақша өтімділігін реттеу бойынша жаңа құралдарды пайдалануды болжайды.

2014 жылы Ұлттық Банктің пайыздық саясатын іске асырудың жаңа қағидаттары ендіріледі. Сонымен қатар, оның сипаттамасы ақша және валюта нарықтарындағы ахуалмен және инфляцияның деңгейімен айқындалады. Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің деңгейі нақты көрсетумен оң болып сақталады.

Ұлттық Банк теңгенің айырбастау бағамының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдайды.

Ұлттық Банк 2014 жылы ішкі және сыртқы нарықтарда күйзеліс жағдайлары болмаған кезде Қазақстанның тұтынушылық нарығындағы ахуал тұрақты болып қалады деп күтеді. Инфляцияға көтеріңкі ықпал етуі мүмкін негізгі факторлар нақты экономикадағы өндірістің өсуінің оң қарқындарының сақталуы, халықтың ақшалай кірістерінің тұрақты өсуі, жұмыссыздықтың төмендеуі болып табылады. Сонымен қатар, жекелеген тауар және қызмет көрсету нарықтарындағы бәсекелестіктің төмен деңгейі және монополияланудың жоғары болуы инфляциялық процестердің қалыптастыруға теріс ықпал ететін болады.

2014 жылы монетарлық факторлардың инфляцияға ықпалы шамалы болып сақталады. Жалпы алғанда Қазақстанның тұтынушылық нарығындағы баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері Ұлттық Банк пен Үкіметтің бірлескен күшімен шешілетін болады. Бағалау бойынша, инфляция бойынша көрсеткіштер 2014 жылы 2013 жылғы көрсеткіштермен салыстырылатын болады.

Инфляцияның 2014 жылғы 1-тоқсанға арналған болжамы. 2014 жылғы 1-тоқсанда тұтынушылық нарығында инфляция аясының жоғары болуы сақталады, маусымдық факторлардың пайда болуы оның негізгі себебі болып табылады. Бұл азық-түлік тауарларының жекелеген түрлері бағаларының, ақылы қызметтер тарифтерінің өсуімен қатар жүреді. 2014 жылғы 1-тоқсанда инфляция 2,3-2,5% деңгейінде күтіледі, бұл 6,6-6,8% шегіндегі жылдық инфляцияға сәйкес келеді.


1. Инфляциялық процестер

1.1. Тұтыну бағалары

2013 жылғы 3-тоқсанда тоқсандық инфляцияның едәуір баяулауы байқалды, ол 0,6% деңгейде қалыптасты (2012 жылғы 3-тоқсанда – 1,2%), ол 2013 жылғы 2-тоқсанда 0,8% белгіде болды. 2013 жылғы шілде-қыркүйекте инфляция негізінен ақылы қызмет көрсету тарифтерінің 1,4% (2,6%) өсуі есебінен қалыптастырылды. Азық-түлік тауарларының бағасы 2013 жылғы 3-тоқсанда 0,1% (0,7%) төмендеді, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,6% өсті (0,4% өсті) (2-график).

2-график

Тоқсандық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы (өткен кезеңге %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

2013 жылғы маусыммен салыстырғанда 2013 жылғы қыркүйекте азық-түлік тауарларының ішінде көбінесе күріш 5,3%, ұнтақ жармасы 4,9%, жұмыртқа 1,7%, жылқы еті 1,4%, айран 1,4%, шай 1,1%, балық және балық өнімдері 0,6%, кондитерлік бұйымдар 0,8% қымбаттады. Көрсетілген кезеңде қарақұмық жармасы 2,9%, май және тоң май 0,2%, жеміс пен көкөніс 8,2%, оның ішінде капуста 21,0%, пияз 13,5%, сәбіз 11,0%, картофель 10,6%, қызылша 8,9% арзандады.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында 2013 жылғы шілде-қыркүйекте киім мен аяқ киімнің бағасы 0,8%, оның ішінде маталар бағасы 0,8%, сыртқы киім бағасы 0,8%, сонымен қатар дәрі-дәрмек бағасы 0,6% өсті. Бензиннің құны 0,2%, дизель отынының құны 0,5% көтерілді.

2013 жылғы 3-тоқсанда ақылы қызмет көрсету құрылымында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтерінің ақысы 1,1% көтерілді. Бұл ретте суық су үшін ақы 5,4%, кәріз үшін ақы 4,8%, қоқыс жинау үшін ақы 1,8%, тұрғын үй жалдау ақысы 3,8% өсті. Сондай-ақ көлік қызметінің бағасы 1,1% (теміржол көлігі қызметінің 1,9%, автомобиль көлігі қызметінің 1,0% қымбаттауы есебінен), білім беру бағасы 4,2%, медициналық қызмет көрсету бағасы 3,8%, сондай-ақ мейрамханалар мен қонақ үйлер қызметтерінің бағасы 1,2% өсті.

2013 жылғы қыркүйекте инфляция жылдық көрсетумен 5,4% құрады (2012 жылғы желтоқсанда – 6,0%). 2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2013 жылғы қыркүйекте азық-түлік тауарлары 3,7% (5,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 3,1% (3,5%-ға), ақылы қызмет көрсетулер 9,7% (9,3%-ға) қымбаттады (3-график).

3-график

Жылдық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы (алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі


1.2. Базалық инфляция

2013 жылғы 3-тоқсанда базалық инфляцияның көрсеткіштері әртүрлі бағыттағы үрдістерді көрсетті. 1-базалық инфляция және 2-базалық инфляция өткен тоқсанмен салыстырғанда жеделдеді, 3-базалық инфляция баяулады, 4-базалық инфляцияның және 5-базалық инфляцияның қарқындары өзгерген жоқ. 2012 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда, базалық инфляцияның барлық көрсеткіштері бойынша неғұрлым төмен қарқындар байқалды.

2013 жылғы 3-тоқсанда 1-базалық инфляцияның, 2-базалық инфляцияның және 3-базалық инфляцияның көрсеткіштері жалпы инфляция деңгейінен асты (4-график). Бұл базалық инфляцияны есептеу кезінде алып тасталатын, жеміс-көкөніс бағаларының төмендеуіне және бензин бағасының өсуінің қалыпты қарқынына үлкен дәрежеде байланысты болды.

4-график

Тоқсандық инфляцияның және базалық инфляцияның динамикасы (өткен кезеңге %-бен)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

Базалық инфляцияның жылдық көрсетілген көрсеткіштері 2013 жылғы шілде-қыркүйекте бәсеңдеді (5-график). Базалық инфляцияның жылдық көрсетудегі барлық көрсеткіштері 1-базалық инфляцияны қоспағанда, 2013 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша жалпы инфляцияның мәнінен асқан жоқ.

2013 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша базалық инфляцияның жылдық көрсетудегі барлық көрсеткіштері 2012 жылғы желтоқсанның көрсеткіштерімен салыстырғанда неғұрлым төмен деңгейде қалыптасты (5-график).

5-график

**Жылдық инфляцияның және базалық инфляцияның динамикасы
(өткен жылдың тиісті айына %-бен)**

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

1.3. Экономиканың нақты секторындағы бағалар**1.3.1. Өнеркәсіп өндірісіндегі бағалар**

2013 жылғы 3-тоқсанда өнеркәсіп өнімдерін шығаратын кәсіпорындардың бағалары 7,4% өсті (2012 жылғы 3-тоқсанда 1,6% өсті). Өндірілген өнім құнының бағасы 7,7% өсті, бұл ретте оның құрамындағы аралық тұтыну өнімінің бағасы 8,9% өсті, өндіріс құралдарының бағасы 0,1% төмендеді, тұтыну тауарларының бағасы 0,9%-ға төмендеді. Өндірістік сипаттағы қызметтер 2,0% қымбаттады.

2013 жылғы 3-тоқсанда тау-кен өндіру саласындағы бағалар 10,9% көтерілді, бұған өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда мұнай бағасының неғұрлым жоғары болуы себепші болды (2012 жылғы 3-тоқсанда 2,2% өсті).


Энергия ресурстарының құны өткен тоқсанда 10,0% төмендегеннен кейін 2013 жылғы 3-тоқсанда 11,2% өсті (2012 жылғы 3-тоқсанда 2,2% өсті). Шикізат энергия ресурстарының құрамында мұнай өндіру бағасы тамыздағы өсу есебінен 10,6% төмендеді (2012 жылғы 3-тоқсанда 3,0% төмендеді), газ конденсатының құны 27,0% өсті (2012 жылғы 3-тоқсанда 0,5% өсті).

Өндеуші өнеркәсіптегі бағалар өткен тоқсанда 1,6% төмендегеннен кейін есепті кезеңде 0,2% өсті (2012 жылғы 3-тоқсанда 0,01% төмендеді). Бұл ретте 2013 жылғы 3-тоқсанда өнеркәсіптің металлургия саласындағы бағалар 0,6% өсті, мұнай өңдеу өнімдерінің бағасы 4,4% тамақ өнімдерін өндіру 1,3% төмендеді.

Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны желдету салаларында 2013 жылғы 3-тоқсанда бағалар 0,5% өсті (2012 жылғы 3-тоқсанда 0,9% өсті).

2013 жылғы қыркүйекте өнеркәсіп өндірісінде жылдық көрсетумен бағаның өсуі (2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2013 жылғы қыркүйекте) 1,8% құрады (2013 жылғы қыркүйекте жылдық көрсетумен бағаның өсуі 1,3% құрады) (6-график).

6-график

Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары индексінің динамикасы (өткен жылдың тиісті айына %-бен)

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

Өндірілген өнім бағасы жылдық көрсетумен 1,3% өсті, бұл ретте аралық тұтыну өнімінің бағасы 0,8% өсті, тұтыну тауарлары 5,3% қымбаттады, өндіріс құралдарының бағасы 3,9% өсті. Өндірістік сипаттағы қызметтер 8,3% қымбаттады.

1.3.2. Ауыл шаруашылығындағы бағалар

2012 жылғы 3-тоқсанда барлық арналар бойынша өткізілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы 3,5% төмендеді (2012 жылғы 3-тоқсанда өсу 4,1%). Ауыл шаруашылығындағы бағалар динамикасы мал шаруашылығы секторындағы өсуге қарамастан, өсімдік шаруашылығында бағаның төмендеуінің әсер етуімен қалыптасты.


Өткен тоқсанда бағалардың 1,9% төмендеуімен салыстырғанда, 2013 жылғы шілде-қыркүйекте өсімдік шаруашылығы өнімінің бағасы 5,9% төмендеді (2012 жылғы 3-тоқсанда 6,2% өсті). Өсімдік шаруашылығының құрамында дәнді дақылдардың бағасы 6,4%, көкөністің бағасы 5,5% төмендеді, картоп бағасы 4,2% өсті.

Мал шаруашылығы өнімдері 2013 жылғы 2-тоқсанда бағаның 4,7% төмендеуінен кейін 2013 жылғы 3-тоқсанда 0,2% өсті (2012 жылғы 3-тоқсанда 1,5% өсті). 2013 жылғы шілде-қыркүйекте мал және құс етінің бағасы 1,3%, шикі сүттің бағасы 0,1% төмендеді, жұмыртқа бағасы 8,6% өсті.

2013 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің бағасы жылдық көрсетумен 15,1% көтерілді. Бұл ретте өсімдік шаруашылығы өнімі 23,6% қымбаттады, мал шаруашылығы өнімінің бағасы 2,4% өсті (7-график).

7-график

Ауылшаруашылығы өнімі бағасы индексінің динамикасы (өткен жылғы тиісті айға %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

1.3.3. Кәсіпорындар мониторингі

2013 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындардың дайын өніміне сұраныс жалпы алғанда экономиканың нақты секторы бойынша шамалы баяулады, бұл сұраныстың өзгеруінің диффузиялық индексінің 52,1 деңгейге дейін (2013 жылғы 2-тоқсандағы 53-тен) төмендеуінен көрінеді. Көрсеткіш өніміне сұраныс ұлғайған (2013 жылғы 2-тоқсандағы 21,9%-дан 19,4%-ға дейін) кәсіпорындар үлесінің төмендеуі және өніміне сұраныстың төмендеуін (2013 жылғы 2-тоқсандағы 17,8%-дан 13,2%-ға дейін) атап өткен кәсіпорындар үлесінің азаюы есебінен болды.

Дайын өнімге сұраныстың өсуі барлық салаларда байқалды. Сұраныстың анағұрлым өсуі «электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу», өндіруші өнеркәсіп, көлік және байланыс сияқты салаларда байқалды: осы салалар бойынша диффузиялық индекс тиісінше 2013 жылғы 2-тоқсандағы 41,7, 50 және 52,5-дан 51, 54 және 53,7-ға дейін (2013 жылғы 1-тоқсандағы 58,9) өсті. Сұраныстың өсуі қарқынының баяулауы өңдеуші өнеркәсіпте, құрылыста, саудада байқалды.

2013 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы 4-тоқсанда жалпы алғанда нақты сектор бойынша дайын өнімге сұраныстың өсуінің жалғасуы күтілуде: сұраныстың өзгеруінің диффузиялық индексі кәсіпорындардың күтуі бойынша 53,1 болды. Бұл ретте, сұраныстың өсуі салалардың көпшілігінде күтіліп отыр, неғұрлым елеулісі – «электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу» (диффузиялық индекс – 67,8), ауылшаруашылығы (62,7) салаларында болды. Сонымен қатар, сұраныстың шамалы төмендеуі өңдеуші өнеркәсіпте (2013 жылғы 3 тоқсандағы 50,5%-тен 49,5%-ға дейін) және «жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және кәсіпорындарға қызметтер көрсету» салаларында (2013 жылғы 3 тоқсандағы 51,8%-ден 49,8%-ға дейін) күтіледі.

Жалпы алғанда 2013 жылғы 3-тоқсанда нақты сектор бойынша кәсіпорындардың дайын өнімінің бағалары тұрақты өсуін жалғастырды: дайын өнімнің бағалары өзгеруінің диффузиялық индексі 54,1 (2013 жылғы 2-тоқсанда – 53,1) болды, бұл ретте бағалардың өсуін атап өткен кәсіпорындардың саны 15,6%-ға дейін (2013

жылғы 2-тоқсандағы 14,1%-дан) өсті, ал бағалардың төмендеуін атап өткен кәсіпорындар саны 7,5%-ға (2013 жылғы 2-тоқсандағы 8%-дан) азайды.

Көптеген салаларда дайын өнім бағаларының өсуі бәсеңдеді, барынша бәсеңдеу «электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу» (диффузиялық индексі 2013 жылғы 2-тоқсандағы 56,9-дан 53-ке дейін), өңдеуші өнеркәсіпте (2013 жылғы 2-тоқсандағы 52,2-ден 50,8-ге дейін), саудада (2013 жылғы 2-тоқсандағы 57,8-ден 55,1-ге дейін төмендеді) байқалды. Дайын өнімге бағаның шамалы төмендеуі ауыл шаруашылығында (диффузиялық индекс 49,1ге дейін төмендеді) байқалды.

Тұтыну өнімдерін өндіруші және қызмет көрсету кәсіпорындарының дайын өнім бағаларының (бұдан әрі – тұтыну өнімдері мен қызмет көрсету бағалары) 2013 жылғы 3-тоқсанда сондай-ақ баяу өсуі жалғасты: диффузиялық индекс 52,1 (2013 жылғы 2-тоқсанда 52,5) болды.

2013 жылғы 4-тоқсанда жалпы алғанда экономиканың нақты секторы бойынша 3-тоқсанмен (диффузиялық индексі 55,5 болды) салыстырғанда өндіруші өнеркәсіп, құрылыс және «жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және кәсіпорындарға қызметтер көрсету» салаларында бағалардың өсу қарқынының төмендеуі себепші болған дайын өнім бағаларының қалыпты өсуінің жалғасуы күтіледі. Бағалардың өсу қарқынның барынша ұлғаюы ауыл шаруашылығында, өндіруші өнеркәсіпте және саудада күтіледі.

2013 жылғы 4-тоқсанда тұтыну өнімдері мен қызмет көрсету бағалары бойынша тұтастай алғанды нақты сектор сияқты тұрақты өсу күтіледі. Бұл ретте, баға өзгеруінің диффузиялық индексі 2013 жылғы 3-тоқсандағы 52,1-тен 55,5-ке дейін өсті.


2013 жылғы 3-тоқсанда шикізат пен материалдар бағаларының өсу қарқыны шамалы ұлғайды: баға өзгеруінің диффузиялық индексі 68,7 (2013 жылғы 2-тоқсанда – 68,4) болды. Бағаның өсу қарқынының ұлғаюы ауылшаруашылығында (диффузиялық индексі 2013 жылғы 2-тоқсандағы 74,5-тен 76,2-ге дейін), өндіруші өнеркәсіпте (2013 жылғы 2-тоқсандағы 66-дан 68,8-ге дейін) және саудада (2013 жылғы 2-тоқсандағы 64,2-ден 66,6-ға дейін) байқалды. Бағаның өсу қарқынының елеулі төмендеуі «қонақжайлар және мейрамханалар» саласында (2013 жылғы 2-тоқсандағы 75,9-дан 69,5-ке дейін) және «электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу» (2013 жылғы 2-тоқсандағы 76,7-ден 70,3-ке дейін) саласында байқалды.

2013 жылғы 4-тоқсан бойынша шикізат пен материалдар бағаларының өзгеруінің диффузиялық индексі кәсіпорындардың күтуі бойынша 66,6 белгіге дейін түсті, бұл 3-тоқсанмен салыстырғанда бағалардың өсуінің кейбір бәсеңдеуін білдіреді. Көрсеткіш бағалардың өсуін күткен кәсіпорындар үлесінің азаюы есебінен 2013 жылғы 3-тоқсандағы 2,8%-ден 1%-ге дейін төмендеді.

Осылайша, тиісті диффузиялық индекстердің динамикасын ескере отырып, 2013 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы 4-тоқсан бойынша кәсіпорындардың күтулері дайын өнімге сұраныстың кейбір өсуімен, олардың бағасының тұрақты өсуінің жалғасуымен және шикізат пен материалдар бағасының өсу баяулауымен байланысты (8-график).

8-график

Сұраныс пен баға өзгерісінің диффузиялық индекстері



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2. Инфляция факторлары

2.1. Жиынтық сұраныс

2013 жылғы 2-тоқсанда түпкілікті пайдалану әдісі бойынша ЖІӨ 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда бағалау бойынша, нақты көрсетумен 5,0% ұлғайды (2012 жылғы 2-тоқсанда өсім бағалау бойынша 5,5%, 2013 жылғы 1-тоқсанда өсу – 4,6% болды).

ЖІӨ-нің 2013 жылғы 2-тоқсандағы өсуі үй шаруашылықтарының және мемлекеттік басқару органдарының ағымдағы тұтынуына шығыстардың ұлғаюымен байланысты түпкілікті тұтыну шығыстарының өсуінің және таза экспорттың төмендеуі кезінде жалпы жинақтың өсуінің әсерінен қалыптасты.


Жалпы алғанда, бағалау бойынша, 2012 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда түпкілікті тұтыну шығыстары 2013 жылғы 2-тоқсанда 13,0% өсті (2013 жылғы 1-тоқсанда 10,4% өсті), жалпы жинақталған қаражат 8,3%-ға ұлғайды (25,9%-ға өсті), ал таза экспорт 48,3 төмендеді (төмендеу 22,9%).

Нәтижесінде үй шаруашылықтарының және мемлекеттік басқару органдарының тұтынуына жұмсалған шығыстар ЖІӨ-нің тиісінше (+)9,4% және (+)0,1% мөлшерінде қалыптасуына оң үлес қосты, жалпы жинақталған қаражат ЖІӨ-ні (+)1,9%-ға ұлғайтты.

Бұл ретте жалпы жинақтау құрамында негізгі капиталды жинақтау үлесіне (+)0,8%, ал материалдық айналым қаражаты қорларының өзгеруіне (+)1,1% тиесілі. Өз кезегінде, таза экспорт ЖІӨ-нің (-)5,5% мөлшерде өсуіне теріс әсерін тигізді (9-график).

9-график

Жиынтық сұраныстың құрамдас бөліктерінің ЖІӨ-нің өсуіне үлесі, %



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

2.1.1. Жеке тұтыну және инвестициялық сұраныс


2013 жылғы 2-тоқсанда үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтынуына жұмсалған шығыстар 2012 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 16,8%-ға (2013 жылғы 1-тоқсанда өсуі – 12,3%) ұлғайды.

Нақты көрсеткіштегі жан басына шаққандағы ақша кірісінің өсу қарқыны 2013 жылғы 2-тоқсанда 10,2% деңгейге дейін жылдамдатылды (2013 жылғы 1-тоқсанда – өсуі 9,8%), ал нақты көрсетуде 3,9% деңгейге дейін (өсуі – 2,8%) жылдамдатылды. Бұл ретте, халықтың табысы бөлшек тауар айналымына елеулі әсер еткен жоқ, оның өсу қарқыны 2013 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда шамалы бәсеңдеді, ол 12,1% болды (2013 жылғы 1-тоқсанда – өсуі 12,5%).

Бөлшек тауар айналымының өсу қарқынының баяулауы шамалы болды және ЖІӨ-нің түпкілікті пайдалану әдісімен негізгі құрамдас бөліктерінің біріне, атап айтқанда, 16,8%-ге дейін өскен үй шаруашылықтарын түпкілікті тұтыну шығыстарының өсуіне елеулі әсер еткен жоқ, осыдан бір тоқсан бұрын бұл өсу 12,3%-ды құрады (10-график).

10-график

Халықтың шығыстары мен кірістерінің динамикасы (өткен жылғы тиісті кезеңге %)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

Халықтың кірісінің өсу қарқыны және түпкілікті тұтыну шығыстары жылдамдатылды, алайда бөлшек тауар айналымының өсуі баяулады, бұл ішінара ақпарат және байланысты (2013 жылғы 1 және 2-тоқсандарда өсу тиісінше 10,1% және 19,3% құрады), көлік және қоймаға жинауды (7,1% және 8,5%) қоса алғанда, қызметтерді өткізудің өсуімен байланысты.

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігінің төмендеуі негізгі капиталға инвестициялардың өсуінің 2013 жылғы 2-тоқсанда 7,8%-ға дейін баяулауына (2013 жылғы 1-тоқсанда өсу 8,6% болды) ықпал етті. Бұл ретте негізгі капиталдың жалпы жинақталуының ұлғаюы жылдамдатылды және өсу қарқыны алдыңғы тоқсанға қатысты 7,1%-ға дейін (өсу – 4,1%) ұлғайды (11-график).

11-график

Негізгі капиталға инвестициялардың шығыстар динамикасы (өткен жылдың тиісті кезеңіне %)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

2.1.2. Мемлекеттік тұтыну

2013 жылғы 2-тоқсанда мемлекеттік басқару органдарының түпкілікті тұтынуына арналған шығыстар 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 1,5%-ға (2013 жылғы 1-тоқсанда – өсуі 4,1%) өсті.

Тұтастай алғанда, 2013 жылғы 2-тоқсанда мемлекеттік бюджеттің шығыстары 1799,2 млрд. теңге сомаға немесе ЖІӨ-ге шаққанда 24,5%-ға қаржыландырылды (2012 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 7,0% төмендеді).

Мемлекеттік бюджеттің ағымдағы шығындары 1,4 трлн. теңге болды, бұл 2012 жылғы 2-тоқсанға қарағанда 11,0%-ға көп. Ағымдағы шығындар құрамында 2012 жылғы осындай тоқсанмен салыстырғанда қызметтер мен жұмыстарды сатып алуға шығындар (4,3 есе), шетелге ағымдағы трансферттер (53,7%), заңды тұлғаларға ағымдағы трансферттер (48,4%), ішкі заемдар бойынша сыйақыларды (45,3%) және жалақы (5,6%) төлеу айтарлықтай ұлғаюды көрсетті. Бұл ретте қорларды сатып алуға (86,4%), азаматтардың жекелеген санаттарына жалақыны төлеуге және жарналарды аударуға (84,7%) арналған шығындар қысқарды.

Мемлекеттік бюджеттің күрделі шығындары 2013 жылғы 2-тоқсанда 2012 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда негізінен, негізгі капиталды құруға шығыстардың ұлғаюы есебінен 0,6%-ға өсті.

Бюджеттік кредиттер 2012 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы 2-тоқсанда 2,5 есе өсті, қаржы активтерін сатып алу шығыстары 87,5%-ға төмендеді.

2013 жылғы қаңтар-маусымда мемлекеттік бюджеттің түсімдері 1653,9 млрд. теңге немесе ЖІӨ-ге шаққанда 22,5% болды, бұл 2012 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 10,4%-ға аз. Мемлекеттік бюджет кірістерінің құрылымында екі бап бұрынғысынша басым түр: салық түсімдері – 70,5% (2012 жылғы 2-тоқсанда – 57,2%), ресми трансферттер – 26,5% (32,0%). Ресми трансферттердің жоғары үлесі республикалық бюджетке Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілді трансферттердің 435,0 млрд. теңге мөлшерінде түсуімен қамтамасыз етілді.

Тұтастай алғанда, 2013 жылғы 2-тоқсанда салық түсімдерінен түскен кірістің көрсеткіштері 2012 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 10,0%-ға ұлғайды. Өсу қосылған құнға салық бойынша, жеке табыс салығы бойынша, әлеуметтік салық бойынша, акциздер бойынша түсімдердің өсуімен қамтамасыз етілді, ал табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер 25,4%-ға және корпоративтік табыс салығы 22,6%-ға төмендеді.


2013 жылғы 2 тоқсанда 2012 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда салықтық емес түсімдер негізінен мемлекеттік меншіктен түскен кірістердің төмендеуі, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдар ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды жүргізуден ақшаның түсуі есебінен, сондай-ақ гранттардың түсуінен 80,7%-ға төмендеді.

2013 жылғы 2 тоқсанда 2012 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда трансферттердің түсуі 26,3% төмендеді, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 98,5% ұлғайды.

2013 жылғы 2-тоқсанда шығыстардан кірістердің асып түсу нәтижесінде мемлекеттік бюджет 145,2 млрд. теңге дефицитпен қалыптасты (ЖІӨ-ге шаққанда 2,0%), 2012 жылғы 2-тоқсанда дефицит 88,9 млрд. теңге (ЖІӨ-ге шаққанда 1,4%) мөлшерінде болды (12-график). Ұлттық қордан республикалық бюджетке 435,0 млрд. теңге мөлшерінде аударылған кепілді трансферттер болмағанда, 2013 жылғы 2-тоқсан 580,2 млрд. теңге мөлшеріндегі мұнайға жатпайтын дефицитпен аяқталар еді.

12-график

Мемлекеттік бюджеттің орындалуы, ЖІӨ-ге шаққанда %-бен



Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

Қаржы министрлігі 2013 жылғы 2-тоқсан ішінде мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару арқылы 217,9 млрд. теңге мөлшерінде қарыз қаражатын тартты. Осы кезеңде сондай-ақ бұдан бұрын шығарылған бағалы қағаздар бойынша борыштық міндеттемелер 138,6 млрд. теңге сомасына өтелді. Нәтижесінде Ұлттық Банктегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотындағы қалдық 65,9 млрд. теңгеге төмендеді.


2013 жылғы 2-тоқсанда Үкіметтің ішкі борышы 3086,3 млрд. теңгеге (ЖІӨ-ге шаққанда 42,1%) дейін ұлғайды, яғни 2012 жылдың 2-тоқсанымен салыстырғанда 30,0%-ға көп (ЖІӨ-ге шаққанда 36,2%). Өсу мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелерді (МЕУЖКАМ), мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕККАМ), мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕУКАМ) және мемлекеттік орташа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕОКАМ) шығарумен қамтамасыз етілді.

Үкіметтің сыртқы борышы 2013 жылғы 2-тоқсанда 2012 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда (ЖІӨ-ге 10,1%) 8,0% ұлғайды және 714,7 млрд. теңге (ЖІӨ-ге 9,7%) болды.

Мемлекеттік бюджет дефицитінің ұлғаю үрдісі байқалды. 2013 жылғы 2-тоқсанда дефицит жылдық көрсетуде ЖІӨ-ге 2,0% (2012 жылы – ЖІӨ-ге 1,6%) болды (13-график).

13-график

Мемлекеттік бюджеттің орындалуы, жылдық көрсетудегі ЖІӨ-ге %-бен



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

* - 2012 жылғы 3-тоқсаннан бастап 2013 жылғы 2-тоқсан аралығындағы кезең үшін

2.1.3. Сыртқы сектор


– Әлемдік бағалар

2013 жылғы 2-тоқсанда әлемдік тауар нарықтарындағы ахуал жекелеген тауарлық позицияларға бағаның төмендегенін көрсетті.

2013 жылғы 2-тоқсанда мыстың бағасы 9,6%-ға төмендеді және осы кезеңде орташа алғанда бір тонна үшін 7161,3 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты. Алюминийдің бағасы 2013 жылғы 2-тоқсанда 8,2%-ға төмендеді және бір тонна үшін 1836,1 АҚШ долл. болды. Қорғасынның әлемдік бағасы 2013 жылғы сәуір-маусымда 10,3% төмендеді, орташа алғанда кезең үшін бір килограмм 205,3 цент болды. Мырыштың бағасы бір килограмм үшін кезеңдегі орташа бағасы 184,2 цент кезінде 9,2%-ға азайды (14-график).

14-график

Металдардың әлемдік бағасының динамикасы




Дерек көзі: Дүниежүзілік Банк

Брент сұрыпты мұнайдың әлемдік бағалары 2013 жылғы сәуірде төмендеді, 2013 жылғы мамыр-маусымда олардың өсуі байқалды. Тұтастай алғанда 2013 жылғы 2-тоқсанда 8,7%-ға төмендеді және орташа алғанда кезеңде бір баррель үшін 103,0 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты (15-график).

Бидайдың әлемдік бағасы (АҚШ) 2013 жылғы 2-тоқсанда алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 2,4%-ға төмендеп, орташа алғанда бір тонна үшін 313,8 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты (15-график).

15-график

Мұнайдың (Брент), бидайдың (АҚШ) әлемдік бағасының динамикасы




Дерек көзі: Дүниежүзілік Банк

– Төлем балансы

2013 жылғы 2-тоқсанның қорытындылары бойынша төлем балансының ағымдағы шоты тиісті кезеңдегі ЖІӨ-ге қатынасы бойынша 224,5 млн. АҚШ долл. немесе -0,5% теріс сальдомен қалыптасты (16-график).

16-график

Ағымдағы операциялар шотының балансы, млн. АҚШ долл.



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Тауарлар экспортынан түсімдер 2013 жылғы 2-тоқсанда 2012 жылғы 2-тоқсанның осындай көрсеткішімен салыстырғанда 11,1%-ға 20,9 млрд. АҚШ долларына дейін төмендеді, ал тауар импортына арналған шығыстар 2012 жылғы 2-

тоқсанмен салыстырғанда 14,9%-ға ұлғайып, 13,2 млрд. АҚШ доллар болды. Сауда балансының оң сальдосы 35,9%-ға азайды және 7,7 млрд. АҚШ долл. болды. 2013 жылғы 2-тоқсанда қызмет көрсету балансының тапшылығы 2012 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 8,5%-ға 1,8 млрд. АҚШ долл. дейін төмендеді, бастапқы кірістер балансының тапшылығы (еңбекақы төлеу, инвестициялық және басқа да бастапқы кірістер) 23,5%-ға азайды және 5,8 млрд. АҚШ долл. болды. Қайталама кірістер операциялары (ағымдағы трансферттер) бойынша резидент еместерге нетто-төлемдер 396,5 млн. АҚШ долл. болды.

Қаржы шотының сальдосы (резервтік активтерді есепке алмағанда) 2013 жылғы 2-тоқсанда 1,8 млрд. АҚШ долл. мөлшерінде теріс қалыптасты (теріс сальдо 2012 жылғы 2-тоқсанда 1,1 млрд. АҚШ долл.). Резиденттердің шетелдік активтерінің (резервтік активтерді қоспағанда) таза өсімі 5,5 млрд. долл. (2012 жылғы тиісті кезеңдегі 3,7 млрд. АҚШ долл.) болды. Сыртқы міндеттемелердің өсімі (нетто) 7,2 млрд. АҚШ долл. өсті (2012 жылғы 2-тоқсанда 4,8 млрд. АҚШ долл.).

Нәтижесінде 2013 жылғы 2-тоқсанның қорытындысы бойынша төлем балансы 574,1 млн. АҚШ долл. оң сальдомен қалыптасты (2012 жылғы 2-тоқсанда – теріс сальдо 419,5 млн. АҚШ долл.).

– Сауда жағдайлары және нақты тиімді айырбастау бағамы

2013 жылғы 2-тоқсанда сауда талаптарының жиынтық индексі 2012 жылғы 2-тоқсанның тиісті көрсеткішімен салыстырғанда 1%-ға төмен болды. Бұл ретте еуро аймағындағы елдермен сауда талаптарының индексі 20%-ға қысқарды, ал Ресеймен – 1%-ға төмендеді (1-кесте).

1-кесте

Баға индекстерінің және сауда талаптарының өзгеруі (өткен жылғы тиісті кезеңге, %-бен)

	12 ж. 2-тоқ	12 ж. 3-тоқ	12 ж. 4-тоқ	13 ж. 1-тоқ	13 ж. 2-тоқ
Экспорт бағалары	1	-9	-2	0	-8
Импорт бағалары	-12	-1	-2	-2	-7
Сауда талаптары	15	-12	0	2	-1
оның ішінде:					
еуро аймақ елдері					
Экспорт бағалары	4	-10	-1	0	-5
Импорт бағалары	-8	-7	-1	18	16
Сауда талаптары	14	-3	0	-17	-20
Ресей					
Экспорт бағалары	2	-16	-20	-5	-9
Импорт бағалары	-16	-1	3	-7	-9
Сауда талаптары	20	-20	-23	2	-1


Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2013 жылғы 2-тоқсанның қорытындылары бойынша өткен кезеңмен салыстырғанда теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамының индексі 1,2%-ға нығайды. Бұл ретте теңге ТМД елдерінің валюталар қоржынына қатысты 2,6%-ға әлсіреді, қалған елдердің валюталар қоржынына қатысты 0,7%-ға нығайды.

2013 жылғы 2-тоқсанда теңге нақты көрсетуде АҚШ долларына қатысты өткен кезеңмен салыстырғанда 0,1%-ға, еуроға қатысты 0,7%-ға нығайды, Ресей рубліне қатысты 3,0%-ға нығайды (17-график).

17-график

Теңгенің нақты айырбас бағамдарының индекстері (2000 жылғы желтоқсан = 100%)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

– Теңгенің номиналдық айырбастау бағамы

Теңгенің орташа алынған биржалық айырбастау бағамы 2013 жылғы 3-тоқсанда бір доллар үшін 153,03 теңге құрады. Биржалық бағам кезеңнің аяғында бір АҚШ доллар үшін 153,81 теңге болды. Жыл басынан бастап теңге номиналды көрсетуде АҚШ долларына қарағанда 2,0%-ға әлсіреді (18-график).

18-график

Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналдық айырбастау бағамының динамикасы



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Шілдеде және қыркүйекте теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы тиісінше 1,2%-ға және 0,7%-ға, тамызда – 0,4%-ға әлсіреді.

Ішкі валюта нарығындағы биржалық сегментте еуро және Ресей рублімен мәмілелер көлемі шамалы болып қалғандықтан, теңгенің осы валюталарға қатысы бойынша бағамы АҚШ долларына кросс-бағам негізінде есептеледі. Тиісінше, теңгенің еуроға және Ресей рубліне қатысты бағамының динамикасы теңгенің АҚШ долларына бағамының динамикасымен, халықаралық қаржы нарығындағы бірыңғай еуропалық валютаның жағдайымен және Ресей Орталық банкінің Ресей рублінің айырбастау бағамының валюталар қоржынына қатысты саясатымен айқындалды.


2013 жылғы 2 қыркүйектен бастап, АҚШ долларынан, еуродан және Ресей рублінен құралатын мультивалюталық корзинаның құнын (бағамын) жариялауға кірісті.

Валюталық корзинаның құнын белгілеумен бірге Ұлттық Банк теңгенің АҚШ долларына, еуроға және Ресей рубліне қатысты бағамын бұрынғы режимде белгілеуді жалғастырады.

Тұтастай алғанда, 2013 жылғы 3-тоқсанда теңгенің бағамы АҚШ долларына қатысты 1,2%-ға, еуроға – 5,0%-ға, Ресей рубліне –2,6%-ға әлсіреді (19-график).

19-график

Теңгенің еуроға және ресей рубліне шаққандағы ресми бағамының динамикасы




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2.2. Өндіріс

2013 жылғы 2-тоқсанда ЖІӨ өндірісінің көлемі ағымдағы бағамен 7335,5 млрд. теңге болды. Экономиканың барлық салаларында өндірістің өсуінің оң ықпалының әсерінен ЖІӨ-і 2012 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда нақты көрсетуде (2005 жылғы бағамен) бағалау бойынша 6,1%-ға ұлғайды (20-график).

20-график

Нақты ЖІӨ-нің өсуіне экономиканың негізгі салаларының үлесі (өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

Тауарлар өндірісі. Тауарлар өндірісі сегментінде жалпы ішкі өнімнің осы компонентіне кіретін барлық негізгі салалар бойынша көрсеткіштер өсті. Бағалау бойынша 2013 жылғы 2-тоқсанда өнеркәсіптік өндірістің көлемі 1,4%-ға ұлғайды (2013 жылғы 1-тоқсанда – 2,0%-ға өсті), ауыл шаруашылығы 2,2%-ға көтерілді (0,4%-ға өсті), құрылыс 6,3%-ға өсті (4,9%-ға төмендеді). Нәтижесінде тауарлар өндірісінің сегменті ЖІӨ қалыптастыруға (+)1,1% мөлшерде оң үлесін қосты.

Қызмет көрсету өндірісі. Қызмет көрсету өндірісі сегментінде жалпы ішкі өнімнің осы құрамдас бөлігінің барлық негізгі салалары іс жүзінде өсумен байқалды. Нәтижесінде қызмет өндірісі секторына кіретін салалар жиынтықта ЖІӨ-нің өсуіне (+)4,4% мөлшерінде оң үлес қосуға себепші болды.

Өнімге және импортқа таза салықтар. Өнімге және импортқа таза салықтар көлемінің 14,4% ұлғаюы ЖІӨ-нің (+)0,7% мөлшерінде өсуін қалыптастыруға (2013 жылғы 1-тоқсанда үлесі (+)0,2% мөлшерінде) оң әсер етті.

Осылайша, 2013 жылғы 2-тоқсанда ЖІӨ өсуінің негізгі драйвері (2013 жылғы 1-тоқсандағыдай) қызмет көрсету өндірісі болып табылды.

2.3. Еңбек нарығы

2.3.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

2013 жылғы 3-тоқсанда экономикада жұмыспен қамтылғандар саны бастапқы деректер бойынша 2013 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 0,2% ұлғайып, 8,6 млн. адам болды (2012 жылғы 3-тоқсанға қарағанда өсу 0,8%-ды құрады). Бұл ретте жалдамалы қызметкерлердің саны 2013 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 0,8%-ға ұлғайып, 6,0 млн. адам болды, өздігінен жұмыспен қамтылғандар 2,6 млн. адам (төмендеуі – 1,2%) болды.


Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардағы жалдамалы қызметкерлердің құрылымында 4,9 млн. адам (жалдау бойынша барлық жұмыс істейтіндердің 82,0%),

жеке тұлғаларда – 0,7 млн. адам (12,2%), шаруа (фермер) қожалықтарында – 0,3 млн. адам (5,8%) жұмыс істеді.

2013 жылғы 3-тоқсанда жұмыссыздар саны 468,3 мың адам болды, бұл алдыңғы кезеңдегімен салыстырғанда 0,2% аз және 2012 жылғы 3-тоқсандағыдан 0,9% аз (21-график).

21-график

Экономикалық белсенді халықтың құрылымы, млн. адам



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

2013 жылғы шілдеде, тамызда және қыркүйекте ірі және орташа кәсіпорындарда жалдамалы қызметкерлер құрамында мынадай салалық құрылымдық өзгерістер байқалды.


2012 жылдың тиісті айларымен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандардың өсуін қамтамасыз еткен салалар мыналар болды: тау кен өнеркәсібі және карьерлерді игеру; сауда; әкімшілік және қосымша қызмет көрсету саласындағы қызмет; мемлекеттік басқару және қорғаныс, қаржы және сақтандыру қызметі; өнер, ойын-сауық және демалыс; денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер; білім беру.

Мынадай салада: ауыл шаруашылығында, орман және балық шаруашылығында; өңдеуші өнеркәсіпте; көлік және қоймада сақтауда жұмыспен қамтылғандар санының азаюы байқалды.

Бұл ретте бір саладағы санның азаюы басқа салалардағы өсумен толық жабылды. Нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі 2013 жылғы 3-тоқсанда 5,2% болды және 2012 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда бұрынғы деңгейде сақталды (22-график).

22-график

Нақты жұмыссыздық деңгейі, %



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

2.3.2. Жалақы және өнімділік

2013 жылғы 2-тоқсанда орташа айлық жалақы өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда номиналды көрсетуде 7,0%-ға (2012 жылғы 1-тоқсанда – 7,8% өсті), ал нақты көрсетуде 0,9%-ға (өсуі – 1,0%) ұлғайды.

Алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда номиналдық жалақы 5,9%-ға өсті, ал нақты жалақы 5,0%-ға төмендеді.

2013 жылғы маусымда 2012 жылғы маусыммен салыстырғанда номиналды көрсетуде жалақы экономикалық қызметтің барлық негізгі түрлері бойынша өсті. Анағұрлым жоғары дәрежеде көрсеткіштер мынадай салаларда: ауыл шаруашылық, орман және балық шаруашылығы – 19,0%-ға; тұру және тамақтану бойынша қызметтер – 18,1%-ға; электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа салқындату – 14,3%-ға, сауда, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу – 12,0%-ға; сумен жабдықтау, құбыр жүйесі, қоқыстарды жинауды және бөлуді бақылау – 10,6%-ға өсті.


2013 жылғы маусымда жалақының ең жоғары мөлшері ақшалай көрсетуде «кәсіби, ғылыми және техникалық қызметте» (199,4 мың теңге), сондай-ақ «қаржылық және сақтандыру қызметінде» (185,7 мың теңге), ең төменгісі – «ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығында» (61,5 мың теңге) қалыптасты.

2013 жылғы 2-тоқсанда қызметкерлердің нақты көрсетудегі жалақысы өткен жылдың тиісті кезеңіне қатысты 0,9%-ға өсті, бұл алдыңғы үш кезеңде қалыптасқан өсу қарқынынан төмен (2012 жылғы 3-тоқсанда – 5,6%-ға өсті; 2012 жылғы 4-тоқсанда – 2,4%-ға өсті, 2013 жылғы 1-тоқсанда – 1,0%-ға өсті).

2013 жылғы 2-тоқсандағы жалақының экономикада жұмыспен қамтылған адамдар санының шамалы өсуі қарқыны кезінде өсу қарқынының баяулауы еңбек өнімділігі индексінің өсу қарқынына ықпал етті, ол алдыңғы тоқсанның деңгейіне (3,5%) қатысты 4,9%-ға дейін өсті (Ұлттық Банктің бағалауы бойынша) (23-график).

23-график

**Еңбек өнімділігінің және нақты жалақының динамикасы
(өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері


3. Ақша ұсынысы

3.1. Ақша агрегаттары

2013 жылғы 3-тоқсанда айналыстағы қолма-қол ақша өсімінің жылдық қарқыны қалыпты болды, айналыстағы қолма-қол ақша өсімінің жылдық қарқыны төмен болды, ал ақша базасы және тар ақша базасы жылдық көрсетуде қысқаруды көрсетті (24-график).

24-график

Ақша агрегаттарының динамикасы (алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

3.1.1. Ақша базасы

2013 жылғы 3-тоқсанда ақша базасы 10,1%-ға қысқарып, 2013 жылғы қыркүйектің аяғында 2781,8 млрд. теңге болды. Тар ақша базасы 2752,3 млрд. теңгеге дейін 9,7%-ға қысқарды.

2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2013 жылғы қыркүйекте ақша базасы 5,8%-ға қысқарды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2013 жылғы қыркүйекте 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 23,6 млрд. АҚШ долл. дейін 20,1%-ға төмендеді. Ұлттық Банктегі Үкіметтің шотына валютаның келіп түсуі және Ұлттық Банкте банктердің шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың азаюы ішкі валюта нарығында валютаны сатумен, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету операцияларымен және алтынвалюта резервтерінің шоттарынан Ұлттық қордың активтерін толықтырумен бейтараптандырылды. Соның нәтижесінде таза валюталық қорлар (ЕАВ) қаралып отырған кезеңде 24,8%-ға азайды, ал алтындағы активтер жүргізілген операциялардың және әлем нарықтарында оның бағасының төмендеуі салдарынан 1,2%-ға төмендеді.

2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2013 жылғы қыркүйекте Ұлттық қордың активтерін қоспағанда, Ұлттық Банктің таза ішкі активтері көбінесе банктер алдындағы қысқа мерзімді ноттар бойынша міндеттемелердің азаюы есебінен өсті (2-кесте).

2-кесте

**Ұлттық Банктің активтері мен пассивтерінің өзгеру динамикасы
(өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен)**

	2012 ж. 4-тоқ	2013 ж. 1-тоқ	2013 ж. 2-тоқ	2013 ж. 3-тоқ
Таза халықаралық резервтер	-3,6	-13,1	-18,3	-18,0
Таза ішкі активтер	73,5	95,7	153,0	75,6
Үкіметке таза талаптар	26,8	9,0	32,8	-1,3
Экономикаға талаптар	596,5	262,7	221,2	115,0
Басқа таза ішкі активтер	-18,3	-1,9	19,8	20,5
Ақша базасы	1,9	-7,2	-10,4	-5,8
Тар ақша базасы	3,3	-3,1	-7,9	-3,7

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

3.1.2. Ақша массасы

2013 жылғы 3-тоқсанда ақша массасы 11558,3 млрд. теңгеге дейін 0,2%-ға азайды.

2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2013 жылғы қыркүйекте оның өсімі банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің ұлғаюы нәтижесінде 9,9% болды (3-кесте).

3-кесте

**Ақша массасының өзгеру динамикасы
(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)**

	2012 ж. 4-тоқ	2013 ж. 1-тоқ	2013 ж. 2-тоқ	2013 ж. 3-тоқ
Таза сыртқы активтер	11,6	5,7	29,0	25,8
Ішкі активтер	2,1	14,6	4,6	-2,0
Үкіметке таза талаптар	58,9	209,9	394,6	77,0
Экономикаға талаптар	11,9	11,1	12,0	12,4
Басқа таза ішкі активтер	-18,5	-13,6	-26,2	-25,8
Ақша массасы	7,9	7,6	11,3	9,9
Айналыстағы қолма-қол ақша	11,9	9,2	9,7	2,2
Резиденттердің депозиттері	7,2	7,4	11,5	11,1

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің құрылымында 2013 жылғы қыркүйекте 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда банктердің таза сыртқы активтері өсті, ал Ұлттық қордың активтерін қоспағанда, Ұлттық Банктің таза сыртқы активтері төмендеді. Банктердің таза сыртқы активтерінің өсімі көбінесе резидент еместер алдындағы банктердің міндеттемелері төмендеуіне негізделді.

Қаралып отырған кезеңде ақша массасының негізгі құрамдас бөліктерінің құрылымында айналыстағы қолма-қол ақшаның өсу қарқынымен салыстырғанда депозиттер көлемінің тез өсу қарқыны тіркелді. Нәтижесінде ақша массасының құрылымындағы резиденттер депозиттерінің үлесі 2012 жылғы қыркүйектегі 86,5%-дан 2013 жылғы қыркүйектің қорытындылары бойынша 87,4%-ға дейін өсті.

Ақша мультипликаторы ақша базасының қысқаруы аясында ақша массасының өсуі нәтижесінде 2012 жылғы қыркүйекте 3,56-дан 2013 жылғы қыркүйекте 4,15-ке дейін өсті. Оған резервтеу коэффициентінің және қолма-қол ақшаға басымдық беру коэффициенті төмендеуі себепші болды (25-график).

25-график

Ақша мультипликаторының және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

3.1.3. Айналыстағы қолма-қол ақша

Айналыстағы қолма-қол ақша көлемі 2013 жылғы 3-тоқсанда 1453,6 млрд. теңгеге дейін 4,6%-ға азайды. Тауарларға, қызметтерге және орындалған жұмыстарға төлем жасау үшін нетто-түсімдердің өсімі, жеке тұлғалардың шоттарына түсімдер және басқа да баптар бойынша¹. нетто-түсімдердің ұлғаюы қолма-қол ақшаның айналыста төмендеуінің негізгі себебі болды. Бұл ретте аталған факторлардың ықпалы 2013 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша тіркелген банктердің шетелдік валютаны сатуынан нетто-түсімдер азаюымен бейтараптандырылған жоқ. Сонымен қоса, алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы 3-тоқсанда еңбекақыны, зейнетақыны және жәрдемақыларды төлеумен байланысты төлемдер төмендеді.

2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2013 жылғы қыркүйекте айналыстағы қолма-қол ақша 2,2%-ға ұлғайды. Бұл қолма-қол ақшаның өсімін қамтамасыз ететін факторлардың ықпалы (банкоматтарды күшейту үшін нетто-төлемдердің ұлғаюы және қарыздарды өтеу бойынша нетто-түсімдердің қысқаруы) олардың азаюына ықпал еткен факторлардың әрекетінен басым болғанын (айырбастау пунктерінің қолма-қол шетел валютасын сатуының көлемі өсуі, депозиттердегі қалдықтар, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатудан түсімдер ұлғаюы) көрсетеді.

2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2013 жылғы қыркүйекте банктердің кассаларынан қолма-қол ақшаны беру 2005,3 млрд. теңгеге дейін 43,9%-ға, банктердің кассаларына түсімдер – 2008,8 млрд. теңгеге дейін 48,0%-ға өсті. Қорытындысында банктердің кассаларына нетто-түсімдер 3,5 млрд. теңгені құрады.

¹ «Басқа да түсімдер» бабында салықтардың, алымдардың және кедендік төлемдердің түсімі, коммуналдық төлемдердің түсімі, көлік, байланыс кәсіпорындарының түсімдері, сақтандыру төлемдерінің түсімі, сондай-ақ басқа да түсімдер көрсетіледі.

3.2. Қаржы нарығы

3.2.1. Резиденттердің депозиттері

Резиденттердің депозиттері 2013 жылғы 3-тоқсанда 0,5%-ға артып, 2013 жылғы қыркүйекте 10104,7 млрд. теңгені құрады. Заңды тұлғалардың депозиттері 0,9%-ға төмендеді, жеке тұлғалардың депозиттері 3,0%-ға ұлғайды.

Депозиттер құрамындағы мерзімді депозиттердің көлемі (ХВҚ жіктелімі бойынша – «басқа депозиттер»¹⁾) 2013 жылғы 3-тоқсанда 5,2%-ға артып, 2013 жылғы қыркүйектің соңында 6933,2 млрд. теңгені құрады. Ұлттық валютадағы мерзімді депозиттер 4141,8 млрд. теңгеге дейін 0,2%-ға төмендеді, ал шетел валютасындағы мерзімді депозиттер 2791,4 млрд. теңгеге дейін 14,6%-ға ұлғайды. Депозиттік базаның жалпы көлеміндегі мерзімді депозиттердің үлес салмағы тоқсан ішінде 65,5%-дан 68,6%-ға дейін өсті.

2013 жылғы 3-тоқсанда депозиттік базаның жай-күйі заңды және жеке тұлғалардың валюталық жинақ ақшалары тиісінше 4,7%-ға және 16,1%-ға ұлғаюына байланысты шетел валютасындағы депозиттердің едәуір өсуімен сипатталды. Нәтижесінде 2013 жылғы 3-тоқсанда шетел валютасындағы депозиттер 9,4%-ға артып, 3776,5 млрд. теңгені құрады, ал ұлттық валютадағы депозиттер 6238,2 млрд. теңгеге дейін 4,1%-ға төмендеді.

Заңды тұлғалардың валюталық жинақтарының көлемі 2013 жылғы тамызда және қыркүйекте төмендеуіне (тиісінше 8,5%-ға және 1,0%-ға) қарамастан, 2013 жылғы шілдеде 15,6%-ға ұлғаюы депозит нарығын долларландыру дәрежесінің ұлғаюына және ұлттық валютадағы депозиттердің үлес салмағы 2013 жылғы маусымдағы 65,7%-дан 2013 жылғы қыркүйекте 62,6%-ға дейін төмендеуіне алып келді.

Осылайша, 2013 жылғы 3-тоқсанда заңды тұлғалардың шоттарына ұлттық валютаның әкелінуі банктердің ресурстық базасы ұлғаюының негізгі көзі болып табылды. Бұл ретте заңды тұлғалардың теңгемен депозиттерінің өсуі де оң динамиканы көрсетті, ол шілде мен тамызда тиісінше және 3,1%-ға және 5,0%-ға төмендеуіне қарамастан, 2013 жылғы қыркүйекте 5,2%-ды көрсетті (4-кесте).

4-кесте

Резиденттер депозиттерінің өзгеру динамикасы (алдыңғы жылғы желтоқсанға %-бен)

	2010 қыркүйек	2011 қыркүйек	2012 қыркүйек	2013 қыркүйек
Резиденттердің депозиттері	1,0	4,8	0,9	0,5
<i>жеке тұлғалардың</i>	<i>4,7</i>	<i>5,4</i>	<i>4,1</i>	<i>3,0</i>
<i>банктік емес заңды тұлғалардың</i>	<i>-0,4</i>	<i>4,6</i>	<i>-0,8</i>	<i>-0,9</i>
Теңгемен депозиттер	7,3	1,7	1,3	-4,1
Шетел валютасымен депозиттер	-8,6	11,7	-0,2	9,4

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Осының алдындағы тоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы 3-тоқсанда салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесі біршама өсті, бұл шетел валютасымен

¹ Басқа депозиттер – белгілі бір уақыт кезеңі өткеннен кейін ғана алынуы мүмкін немесе қарапайым коммерциялық операцияларда қолдану үшін барынша ыңғайлы және негізінен, жинақтау тетіктеріне қойылатын талаптарға жауап беретін әртүрлі шектеулерге ие жинақтық және мерзімді депозиттер.


мөлшерлемелердің төмендеуіне қарамастан, тамызда ұлттық валютадағы мөлшерлемелердің өсуіне байланысты болды.

Нәтижесінде, теңгемен депозиттер бойынша мөлшерлеменің орташа мәні 2013 жылғы 3-тоқсанда 5,1%-ға дейін (2013 жылғы 2-тоқсанда – 4,9%), еркін айырбасталатын валютадағы депозиттер бойынша – 3,0%-ға дейін (3,1%) өсті.

Банктік емес заңды тұлғалардың теңгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы қыркүйекте 4,4% болды (2013 жылғы маусымда – 3,6%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 6,3% (6,8%) болды (26-график).

26-график

Депозиттердің және мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің динамикасы




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2013 жылғы 3-тоқсанда заңды тұлғалар депозиттерінің көлемі 6389,1 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға төмендеді, бұл ретте жылдық көрсетілімде өсім (2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2013 жылғы қыркүйекте) 7,2% болды. Заңды тұлғалардың ұлттық валютамен депозиттері жылдық көрсетілімде 4,3%-ға төмендеді, ал шетел валютасымен депозиттер 40,5%-ға ұлғайды (27-график).

27-график

**Занды тұлғалар депозиттерінің өзгеру динамикасы
(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі 2013 жылғы 3-тоқсанда 3715,6 млрд. теңгеге дейін 3,0%-ға өсті, бұл ретте жылдық көрсетілімдегі өсім 18,5%-ды құрады. Жеке тұлғалардың ұлттық валютамен депозиттері жылдық көрсетілімде 13,6%-ға өсті, шетел валютасымен депозиттері 25,4%-ға ұлғайды (28-график).

28-график

**Жеке тұлғалар депозиттерінің өзгеру динамикасы
(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

3.2.2. Экономикаға кредиттер

2013 жылғы 3-тоқсанда банктердің экономикаға кредиттері 10935,7 млрд. теңгеге дейін 3,7%-ға өсті. Заңды тұлғаларға кредиттер 2013 жылғы шілде-қыркүйекте 7487,4 млрд. теңгені құрап, 2,2%-ға ұлғайды, жеке тұлғаларға кредиттер 3448,3 млрд. теңгеге дейін 7,1%-ға өсті.

Кредиттердің ұлттық валютадағы көлемі 7694,3 млрд. теңгеге дейін 1,90%-ға ұлғайды, шетел валютасындағы көлемі 3241,4 млрд. теңгеге дейін 8,2%-ға артты.

2013 жылғы шілде-қыркүйекте ұзақ мерзімді кредиттеу 8908,0 млрд. теңгеге дейін 3,9%-ға өсті, қысқа мерзімді кредиттеу 2027,7 млрд. теңгені құрап, 2,7%-ға артты. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 2013 жылғы маусыммен салыстырғанда 2013 жылғы қыркүйекте 81,3%-дан 81,5%-ға дейін көтерілді.

2013 жылғы қыркүйекте банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 10,5%-ға дейін (2013 жылғы маусымда 10,3%) өсті, ал жеке тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша 19,6% (2013 жылғы маусымда – 19,5%) болды. Бұл ретте, тұтастай алғанда, 2013 жылғы 3-тоқсанда қарыз алу құны алдыңғы кезең деңгейіне қатысы бойынша өсті (29-график).


Кредиттеу объектілері бойынша кредиттердің құрылымында берешектің негізгі көлемі айналым қаражатын иемденуге берілген кредиттер (25,2%), басқа да мақсаттарға (22,1%), жаңа құрылыс пен қайта жаңартуға (13,8%), сондай-ақ азаматтардың тұтыну мақсаттарына (18,7%) берілген кредиттерге тиесілі болды.

Салалар бойынша алғанда банктердің экономикаға берілген кредиттері бойынша ең көп берешек басқа салаларға (өндірістік емес салаға және жеке қызметке) – 48,6%, саудаға – 19,7%, құрылысқа – 12,8%, өнеркәсіпке – 11,5% тиесілі болды.

2013 жылғы 3-тоқсанда өнеркәсіпті кредиттеу 0,6%-ға, сауданы – 3,8%-ға, құрылысты кредиттеу – 1,1%-ға, байланысты кредиттеу – 4,8%-ға, ауыл шаруашылығын кредиттеу 10,0%-ға ұлғайды. Көлікті кредиттеу 7,7%-ға төмендеді.

29-график

Экономикаға кредиттер және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің динамикасы




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Занды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі жылдық көрсетуде (2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2013 жылғы қыркүйекте) 9,5%-ға өсті. Занды тұлғаларды кредиттеудің жалпы көлемінде орта және ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 2013 жылғы қыркүйектің аяғында 75,1%-ды құрады, ал 2013 жылғы маусымда өзгерген жоқ.

Занды тұлғалардың ұлттық валютадағы кредиттері жылдық көрсетуде ұлттық валютамен 6,4%-ға, шетел валютасымен – 15,5%-ға ұлғайды (30-график).

30-график

Занды тұлғаларға берілген кредиттердің динамикасы (өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 2013 жылғы қыркүйекте 27,9%-ға көтерілді. Жеке тұлғаларды кредиттеудің жалпы көлеміндегі орташа және ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 2013 жылғы қыркүйектің аяғында аздап төмендеді және 2013 жылғы маусымдағы 95,4%-бен салыстырғанда 95,2% болды.

Халыққа ұлттық валютада берілген кредиттер жылдық көрсетілуде 39,2%-ға көтерілгенін, ал шетел валютасында – 12,5%-ға төмендегенін көрсетті (31-график).

31-график

**Халыққа берілген кредиттердің динамикасы
(өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


3.2.3. Банктердің активтері және міндеттемелері

– Активтер

2013 жылғы 3-тоқсанда банктердің монетарлық шолуға сәйкес есептелген активтерінің мөлшері 19,6 трлн. теңгеге дейін 1,7%-ға ұлғайды. Жылдық көрсетуде (2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2013 жылғы қыркүйекте) банктердің активтері 12,8%-ға ұлғайды (32-график).

32-график

Банктер активтерінің динамикасы, млрд. теңге



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


Банктердің сыртқы активтері 2013 жылғы қыркүйекте активтердің жалпы көлемінен 19,4% немесе 3,8 трлн. теңге болды, 2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда олар 14,9%-ға ұлғайды.

Сыртқы активтер құрылымында 2013 жылғы қыркүйекте резидент еместерге берілген кредиттер 45,2% (2013 жылғы маусымда – 45,9%), резидент еместерге орналастырылған депозиттер – 29,9% (33,1%), резидент еместердің бағалы қағаздары – 5,8% (6,0%), алуға арналған басқа да шоттар – 19,1% (15,0%) болды.

Ішкі активтердің үлесіне 2013 жылғы қыркүйекте 80,6% немесе 15,8 трлн. теңге тиесілі, оның ішінде ұлттық валютадағы ішкі активтер 72,4% немесе 11,4 трлн. теңге, шетел валютасындағы ішкі активтер – 27,6% немесе 4,4 трлн. теңге болды. 2013 жылғы 3-тоқсанда ішкі активтер 1,3%-ға ұлғайды, оның ішінде ұлттық валютада 0,2%-ға көтерілді, шетел валютасында – 4,2%-ға артты (33-график).

33-график

Банк активтерінің құрылымы, %




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

– Міндеттемелер

2013 жылғы 3-тоқсанда банктердің монетарлық шолуға сәйкес есептелген міндеттемелерінің жалпы сомасы 0,6%-ға ұлғайды және 2013 жылғы қыркүйектің аяғында 12,9 трлн. теңге болды (34-график).

34-график

Банктер міндеттемелерінің динамикасы, млрд. теңге



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері 2013 жылғы маусыммен салыстырғанда 2013 жылғы қыркүйекте 1,4 трлн. теңгеге дейін (8,9 млрд. АҚШ долл.) 1,7%-ға өсті, 2012 жылдың тиісті айына 52,9%-ға төмендеді. 2013 жылғы қыркүйектің

аяғында банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері банктердің барлық міндеттемелері көлемінің 10,6%-ын қамтыды.


Банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелерінің құрылымында резидент еместердің депозиттері бойынша міндеттемелердің үлесі 2013 жылғы қыркүйекте бұрынғы деңгейде қалды және 2013 жылғы маусыммен салыстырғанда 18,2% болды, бағалы қағаздар бойынша міндеттемелердің үлесі 64,7%-дан 65,0%-ға дейін өсті, резидент еместерден алынған кредиттер тиісінше 15,7%-дан 15,2%-ға дейін төмендеді.

2013 жылғы 3-тоқсанда резиденттер алдындағы міндеттемелер 11,5 трлн. теңгеге дейін 0,5%-ға көтерілді, оның ішінде ұлттық валютадағы міндеттемелер 7,7 трлн. теңгеге дейін 2,2%-ға төмендеді, шетел валютасындағы міндеттемелер 3,8 трлн. теңгеге дейін 6,3%-ға өсті (35-график).

Осылайша, 2013 жылғы 3-тоқсанда банктердің міндеттемелері бойынша резиденттер алдындағы және резидент еместер алдындағы міндеттемелердің ұлғаюы байқалды.

35-график

Банктер міндеттемелерінің құрылымы, %




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

3.2.4. Қаржы нарығындағы мөлшерлемелер

2013 жылғы 3-тоқсанда банкаралық нарықта мөлшерлемелер деңгейінің артуы байқалды.

KazPrime индикаторы орташа алғанда 2013 жылғы 2-тоқсандағы 3,78%-дан 2013 жылғы 3-тоқсанда орташа алғанда 5,78%-ға дейін өсті. Бұл ретте 2013 жылғы маусымның аяғында осы индикатор 4,50%, ал қыркүйектің аяғында – 6,50% болды (36-график).

36-график

KazPrime индикаторының динамикасы және ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі, %

Дерек көзі: Қазақстан Қор Биржасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Автоматты РЕПО секторында мөлшерлемелер деңгейінің артуы байқалды.


Автоматты РЕПО секторында 1 күндік операциялар бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2013 жылғы 3-тоқсанда өсті және 2,81% (1-тоқсанда – 1,18%) болды. Бұл ретте оның ең жоғары деңгейі 17,37%, ал ең төменгі деңгейі – 0,07% болды.

2013 жылғы 3-тоқсанда 7 күндік РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелердің ауытқулары 0,55% – 13,75% (орташа алынған мөлшерлеме 6,29% болды), 14 күндік РЕПО операциялары бойынша – 0,91% – 10,00% (орташа алынған мөлшерлеме 4,52% болды), 28 күндік РЕПО операциялары бойынша – 1,50% – 11,00% (орташа алынған мөлшерлеме 5,11% болды) аралығындағы диапазонда өтті (37-график).

Автоматты РЕПО секторындағы мәмілелер көлемі 2013 жылғы 3-тоқсанда өткен тоқсанмен салыстырғанда 11,6%-ға өсті.

37-график

РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелер динамикасы, %




Дерек көзі: Қазақстан Қор Биржасы

4. Ақша-кредит саясатының құралдары және операциялары

2013 жылғы 3-тоқсанда ақша нарығындағы ахуал тұтастай алғанда тұрақты болып қалды, айтарлықтай ауытқулар байқалған жоқ. 2013 жылғы 3-тоқсанда Ұлттық Банктің қаржы нарығындағы операцияларының қорытындылары теңгелік өтімділікті алу болды (38-график).

38-график

Ұлттық Банктің ішкі нарықтағы операцияларының сальдосы, млрд. теңге




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2013 жылғы 3-тоқсанда Ұлттық Банктің мөлшерлемелер дәлізі өзгерген жоқ. Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі жылдық 5,5% деңгейінде сақталды. Банктерден тартылған депозиттер бойынша мөлшерлемелер де өзгерген жоқ: 7-күндік депозиттер бойынша мөлшерлеме 0,5%, 1-айлық депозиттер бойынша – 1,0% болды.

2012 жылғы 3-тоқсанда ақша нарығындағы ахуал пайыздық мөлшерлемелердің құбылмалылығымен сипатталды, бұл ретте мөлшерлемелердің жалпы деңгейі біршама ұлғайды. Мерзімі 30 күнге дейінгі банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2013 жылғы 2-тоқсандағы 0,74%-дан 2013 жылғы 3-тоқсандағы 1,31%-ға дейін өсті. Мерзімі 7 күндік банкаралық РЕПО операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2013 жылғы 2-тоқсандағы 2,74%-дан 2013 жылғы 3-тоқсанда 6,29%-ға дейін ұлғайды (39-график).

39-график

Ұлттық Банк мөлшерлемелері дәлізінің шекаралары, %




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2013 жылғы 3-тоқсанда банктердің корреспонденттік шоттарындағы қалдық динамикасы Ұлттық Банкте түрлі бағытта болды. Банктердің ұлттық валютамен корреспонденттік шоттарындағы қалдықтары 2013 жылғы шілде-тамызда біртіндеп төмендеді, 2013 жылғы қыркүйекте олардың көлемі біршама ұлғайды. Банктердің шетел валютасымен корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар 2013 жылғы тамыздың ортасына дейін өсу үрдісін көрсетті, кейін олардың көлемі төмендеді. Жалпы ұлттық валютамен корреспонденттік шоттардағы қалдық көлемі 2013 жылғы қыркүйектің аяғында 2013 жылғы маусыммен салыстырғанда 29,6%, шетел валютасымен – 11,1% төмендеді (40-график).

40-график

Банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттардағы қалдықтары, млрд. теңге



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


4.1. Ішкі валюта нарығындағы интервенциялар

2013 жылғы 3-тоқсанда Қазақстан Қор Биржасының валюта сегментінде және банкаралық валюта нарығында сауда-саттықтың жалпы көлемі 2013 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 25,7% ұлғайып 23,2 млрд. АҚШ долларын құрады.

Қазақстан Қор Биржасында доллармен позицияда биржалық сауда көлемі 2013 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 29,5% өсті және 17,1 млрд. АҚШ долл. құрады (Қазақстан Қор Биржасында сауда-саттықтың нетто-көлемі 81% брутто-көлем). Биржадан тыс валюта нарығында 2013 жылғы 3-тоқсандағы операция көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 16,2% ұлғайды және 6,1 млрд. АҚШ долл. құрады (41-график).

41-график

Ішкі валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд. АҚШ долл.




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2013 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің Қазақстан Қор Биржасына қатысу коэффициенті – 16,2% (2013 жылғы 2-тоқсанда ол 6,3% болған) (42-график). Осылайша, 2013 жылғы 3-тоқсанда Ұлттық Банк ішкі валюта нарығында шетел валютасын басымды сатушы болып табылған.

42-график

Ұлттық Банктің Қазақстан Қор Биржасындағы қатысу коэффициенті, %




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

4.2. Ең төменгі резервтік талаптар

2013 жылғы шілде-қыркүйек үшін резервтік активтер резервтеудің қажетті көлемінен орташа алғанда 2,4 есе (2013 жылғы 2-тоқсанда – 2,9 есе, 2012 жылғы 3-тоқсанда – 4,2 есе) асып кетті (43-график).

43-график

Ең төменгі резервтік талаптар нормативінің орындалуы, млрд. теңге




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

4.3. Ашық нарық операциялары

2013 жылғы 3-тоқсанда Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарына банктер тарапынан сұраныс төмен болып қалып отырды. Осы кезеңде айналым мерзімі 3 және 6 айлық мерзімімен қысқа мерзімді ноттар шығарылды. Бұл ретте 2013 жылғы қыркүйекте қысқа мерзімді ноттарды шығару бойынша бірде-бір аукцион болған емес. Шығарылған қысқа мерзімді ноттардың көлемі 2013 жылғы 3-тоқсанда 2013 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 1,9 есе азайып, 14,3 млрд. теңгені құрады. Қысқа мерзімді ноттар эмиссиясының анағұрлым көп көлемі шілдеге келді (2013 жылғы 3-тоқсандағы эмиссияның барлық көлемінің 74%-дан астамы). Орналастырылатын ноттар бойынша орташа алынған кірістілік 2013 жылғы 2-тоқсанда 1,12%-дан 2013 жылғы 3-тоқсанда 1,36%-ға дейін өсті (44-график).

44-график

Қысқа мерзімді ноттарды орналастыру көлемі және олар бойынша кірістілік (кезең үшін)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2013 жылғы қыркүйектің аяғында айналымдағы қысқа мерзімді ноттардың көлемі 16,4 млрд. тенге болады, бұл 2013 жылғы маусымның аяғындағы көлемнен 2,7 есе аз (45-график).

45-график

Айналыстағы қысқа мерзімді ноттар, млрд. тенге (кезең аяғында)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

4.4. Тұрақты механизмдер


2013 жылғы 3-тоқсанда алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда банктерден тартылған депозиттердің көлемі азайған. Бұл ретте банктердің депозиттер тартудың барынша көп көлемі 2013 жылғы шілдеде тіркелген. Жалпы, 2013 жылғы 3-тоқсанда

379,7 млрд. теңге сомаға депозит тартылған, бұл 2013 жылғы 2-тоқсандағы көлемнен 2,6 есе аз және 2012 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 2,4% есе аз.

Депозиттер бойынша сыйақының орташа мөлшерлемесі 2013 жылғы 2-тоқсанда 0,64%-дан 2013 жылғы 3-тоқсанда 0,69%-ға дейін өсті (46-график).

46-график

Ұлттық Банк тартқан депозиттер бойынша сыйақы көлемі және мөлшерлемелері (кезең ішінде)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2013 жылғы 3-тоқсанда банктердің депозиттері бойынша Ұлттық Банктің өтелмеген міндеттемелерінің көлемі төмендеді. 2013 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша банктердің Ұлттық Банктегі депозиттері бойынша өтелмеген берешек көлемі 29,5 млрд. теңге болды, бұл 2013 жылғы маусымның аяғындағы көлеммен салыстырғанда 1,6 есе аз (47-график).

47-график

Ұлттық Банктің банктерден тартылған депозиттері бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі, млрд.теңге (кезең аяғында)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұлттық Банк айықтыру операцияларын жүргізумен қатар 2013 жылғы 3-тоқсанда банктік секторға қайта қаржыландыру қарыздары арқылы қысқа мерзімді теңгемен өтімділік ұсынуды жалғастырды. 2013 жылғы 3-тоқсанда қайта қаржыландыру қарыздарының жалпы көлемі 1790,7 млрд. теңге болды. Осы операциялардың көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 10,7% ұлғайды (48-график).

48-график

Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру қарыздарының көлемі, млрд. теңге (кезең ішінде)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2013 жылғы қыркүйектің аяғында қайта қаржыландыру қарыздары бойынша өтелмеген берешек көлемі 510,2 млрд. теңгені құрады (49-график).

49-график

Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру қарыздары бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі, млрд. теңге (кезең аяғында)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі